ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 02 қазан №2301-24-00-2/2351 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Хиуаз Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Еркебулан» басшысы Жақсекенов Мейрамбек Жетісұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.А.Сатанова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 17 маусымда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №1-285 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге №5 резервуарға сырлау жұмыстарын жүргізуге міндеттеме алған.

Шарттың орындалу мерзімі – шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде болып белгіленген.

Іс құжаттарынан жауапкердің шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын 2024 жылғы 29 маусымда енгізгені көрінеді, сәйкесінше шарттық міндеттемені орындау мерзімі – 29 шілде болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, жұмыстар орындалмағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196,117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 09.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.11.2024, судья Балмуханова А. Р., 13.11.2024

«Хиуаз Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының «Еркебулан» басшысы Жақсекенов Мейрамбек Жетісұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Еркебулан» басшысы Жақсекенов Мейрамбек Жетісұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Еркебулан» басшысы Жақсекенов Мейрамбек Жетісұлынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама

Сот шешімі заңды күшіне 2024 жылдың «11» қарашасына тағайындалды

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 09.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.11.2024, судья Балмуханова А. Р., 13.11.2024

2301-24-3-1/2500